



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Бизнес жүргізу ережелері

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыс өткізіп, бизнесті жүргізу туралы заң ережелерін талқылады.

Заң Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мақсатында және мемлекеттік бақылау мен қадағалау сипаттарын ретке келтіруге, кәсіпкерлік қызметті жүргізу мен дамыту жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Сенаторлар мемлекеттік орман қоры жерлерін басқа санаттағы мақсаттағы жерлерге, оның ішінде облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды салуға ауыстыру мүмкіндігін сақтауға байланысты, сауда қызметін реттеу саласында уәкілетті орган айқындайтын шекті сауда үстемесін қолдану тәртібін белгілеуді көздейтін ережелерді талқылады.

Құжатта сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қолдау көрсету, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық



шикізатпен қамтамасыз ету тетігін жетілдіру, бірыңғай төлем бөлшектеріндегі үлесті қайта есептеу және басқа да мәселелерге түзетулер енгізу көзделіп отыр.

Депутаттар кеңейтілген отырыстың қорытындысында заңды Палатада екінші оқылымда қарауға жіберу туралы шешім қабылдады.



Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиын барысында Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған негізгі әдіс-тәсілдерді жандандыру мәселелері қарастырылды. Мемлекет басшысы әлемде қалыптасқан күрделі геосаяси ахуал жағдайында талқыланып отырған проблематика Қазақстанның экономикалық және әскери әлеуетін нығайту тұрғысы-

нан зор мәнге ие екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндама жасады. Сонымен қатар бірқатар салалық мемлекеттік органның басшылары мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін негізгі сын-қатерлерге объективті талдау жасап, олардың алдын алу шараларын әзірлеу қажеттігін айтты.

Президент азаматтардың және тұтас мемлекеттің қауіпсіздігі Үкімет пен барлық ведомство қызметінің басым бағыты ретінде әрдайым ерекше назарда болуға тиіс екенін атап өтті.

Қауіпсіздік Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша ұлттық мүддені қорғау және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шешім қабылданды.

Заманауи мектеп-жаңашыл қоғамның баспалдағы

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының «Заманауи ұлттық мектеп – жаңа қоғам қалыптастыру жолы» тақырыбына арналған отырысы өтті. Іс-шара барысында білім беру, мәдениет, өнер саласының мамандары, сарапшылар, ғалымдар және сенаторлар ұлттық білім беру жүйесінің даму үрдісін талқылап, осы бағытты реформалау жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Басқосуда Сенат төрағасы қазіргі қоғамды қалыптастырудың және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің негізгі факторы білім беру, ғылым және мәдениетті кешенді түрде дамыту екенін атап өтті. Осыған байланысты сапалы және қолжетімді білім беру мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі екені де айтылды. Бұл ретте жаңа тәсілдерді қалыптастыруға және менеджментті жақсартуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде педагог мәртебесін арттыруға, осы саладағы жас мамандарды ынталандыруға арналған реформалар іске асырылғанын атап өтті.

«Білім беру саласы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрдайым басты назарында. Елімізде ұстаздардың жалақысы айтарлықтай өсті және педагог мәртебесі заңмен ай-



қындалды. Мемлекет басшысы Жолдауда атап өткендей, біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Осы құндылықтарға негіз болатын және оларды бойға сіңіретін басты орта – мектеп екені даусыз. Шын мәнінде, мектеп – адами капиталды дамытатын және заманауи қоғам қалыптастыратын негізгі орын», деді Мәулен Әшімбаев.

Палата спикері ұлттық білім беру жүйесін реформалау барысында оқушыларды тұлға ретінде, олардың бірегей қабілеттерін дамытуға басымдық беру қажет екеніне назар аударды. Қазіргі жалпылама оқыту тәсілі бұған толық мүмкіндік бермейді.

«Мектеп – адами капиталдың сапасын қалыптастыратын және елдің бүгінгі болмысы мен болашақ әлеу-

етін айқындайтын бірден-бір орта. Осы орайда мектептің негізгі үш функцияны жүзеге асыруы маңызды. Біріншісі – білім беру. Бұл ретте оқушылардың тұлғалық ерекшелігін ескеруге, жаңа, бірегей білім беру бағдарламаларын құруға, жүйелі түрде мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және интернет пен цифрлы ресурстардың мүмкіндігін тиімді пайдалануға баса мән беру қажет. Екіншіден, оқушылардың бойында әртүрлі дағдыларды «soft skills» дамыту да үлкен міндет. Қазір оқушыларға сыни және шығармашылық ойлау дағдысын үйрету, олардың бойына коммуникациялық қабілеттерді, командамен жұмыс істеуді, кез келген ортаға тез бейімделуді сіңіру маңызды. Үшіншіден, мектептің тәрбие ошағы екенін ұмытпауымыз керек. Адами және

ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбек-қорлық, мейірімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді жас буынның санасына сіңіруде мектептердің рөлін арттырған абзал», деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар отырыста педагогтердің құзыреттерін арттыру, білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінің кеңейту, ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жас ғалымдарға зерттеулер жүргізу бағытында қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар айтылды.

«Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысына сенаторлармен қатар Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан, ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы, Maqsut Narikbayev University басқарма төрағасының орынбасары Айнұр Кәрібозова, «Назарбаев зияткерлік мектептері» басқарма төрағасының орынбасары Айдана Шілібекова, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, «Bilim Media Group» директоры Рауан Кенжеханұлы, «IQanat» қорының академиялық директоры Зухра Шегенова, PISA зерттеулері бойынша ұлттық жобалық менеджер, «Талдау мектебі» жобасының қатысушысы Ризагүл Сыздықбаева, тағы басқа сарапшылар қатысып, сөз сөйледі.

«Созақ үні»-ақпарат.



Қазатомөнеркәсіп 2023 жылғы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі қызметін қорытындылады

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-да 2023 жылғы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі қызметтің қорытындылары мен 2024 жылға арналған міндеттерге арналған НСЕ бойынша XXVI корпоративтік кеңесі өтті. Іс-шараға Қазатомөнеркәсіптің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның портфельдік компанияларының өкілдері, ұлттық атом компаниясының серіктестері және басқа да мүдделі тараптар қатысты. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды, өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қамтитын өндірістік қауіпсіздік-атом холдингі қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазатомөнеркәсіп Қазақстандағы Vision Zero халықаралық бағдарламасына қосылған алғашқы ұлттық компания, оның мақсаты – өндірістегі жарақаттанудың нөлдік деңгейіне қол жеткізу. Компания НСЕ барлық аспектілерінде ашықтық принципін басшылыққа ала отырып, қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетін үнемі жетілдіріп отырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Арман Арғынғазин компанияның әрбір қызметкердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлетінін айтып, сонымен қатар

қоршаған ортаға қамқорлық жасаудың маңыздылығына тоқталды.

«Экологиялық жауапкершілік Қазатомөнеркәсіп қызметінің негізгі аспектісі болып қала береді. Жаһандық климаттық сын-қатерлер жағдайында біз табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың және қоршаған ортаға әсерді азайтудың маңыздылығын түсінеміз. Компания экология саласындағы халықаралық стандарттарға сай болып қана қоймай, қоршаған ортаға әсерді үнемі төмендетуге бағытталған үздік тәжірибелер мен инновациялық тәсілдерді қолдануда көшбасшы болуға ұмтылады», - деді Арман Арғынғазин.

Өткен жылдың негізгі қорытындыларына тоқталған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов өндірістік қауіпсіздік бойынша барлық көрсеткіштердің орындалғанын, сондай-ақ экология және жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша кейбір көрсеткіштердің жақсарғанын атап өтті.

«Компания қауіпсіздік және экологиялық жауапкершілік мәдениетін одан әрі дамытуды жалғастырады, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік саласындағы өз қызметін, оның ішінде IT-технологияларды және жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыруда тәуекелге негізделген тәсілді қолдана отырып

жетілдіруге ниетті. НСЕ мәселелерінде өндірістік персоналдың да, барлық деңгейдегі басшылардың да жоғары дәрежеде тартылуын қамтамасыз ету корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін жақсартудың маңызды факторы болып табылады», - деді Мейіржан Юсупов.

Корпоративтік кеңес аясында НСЕ саласындағы жетістіктері үшін атом холдингінің қызметкерлері мен кәсіпорындарын марапаттау рәсімі өтті. «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік кәсіпорын» байқауының қорытындысы бойынша 1-орын «Қаратау» ЖШС, 2-орын «Үлбі металлургия зауыты» АҚ және 3-орын «ОТХК» БК» ЖШС-не берілді. Сондай-ақ, Қазатомөнеркәсіптің басқарма төрағасының сыйлығымен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленген кәсіпорын қызметкерлері марапатталды.

Қазатомөнеркәсіп қоршаған ортаны сақтай отырып және өзінің өндірістік қызмет орындарында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ете отырып, өзі орналасқан аймақтардағы қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күш-жігерін салуды жалғастырады.

Нұржамал МАЙУСОВА.

АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе көктемгі дала жұмыстарының барысы және жанар-жағармай мен азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлерге жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстары жөнінде Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов хабарлама жасады. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясындағы жеңілдетілген несиелер бойынша қажетті ақпараттармен бөлісіп, бұл бағытта биылғы жылға атқарылар жұмыстарды кеңінен баяндады.



Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша Созақ, Құмкент, Шолаққорған, Жартытөбе ауылдық округтерінен ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылып, ауылдық округтерден 209 азамат 1 млрд 160 млн теңге жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Аталған жобаға биылғы жылы Шолаққорған, Сызған, Қарақұр және Қаратау ауылдық округтері енгізіліп, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылуда.

Бұл бойынша аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді. Кәсіпкерлікті дамытуға арналған пилоттық жобаны ұтымды пайдалануға бағытталған жұмыстарға жеке-жеке тоқталып, шағын және орта бизнесті дамыту мақсатындағы жобаларды жіті бақылауына алды.

Сонымен қатар, бұған дейінгі өткен жиындарда сала мамандарына, ауылдық округтер мен кент әкімдеріне жүктелген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде аудан әкімі аппаратының басшысы Абдухат Бакиров хабарлама жасады. Аудан басшысы әкімдерге атқару керек нақты міндеттемелер жүктеп, өз ісіне немқұрайлылық танытқан басшылар мен округ әкімдерінің мәселесін қарауды тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Кәсібің-нәсібің



Елімізде өз кәсібін жүргіземін деген іскер азаматтар үкіметтен түрлі мөлшерде несиелер алып өз ісін ашуда. Сондай азаматтардың бірі Жартытөбе ауылының тұрғыны Майусов Құрманбек бауырымыз. Ол «Ауыл аманаты» бағдарламасымен алған жеңілдетілген несиесіне шаруасына қажетті құрал-саймандар сатып алып үйлердің сыртын қаптайтын пенопласт қаптамаларын құю ісін бастап кеткен екен. Өнімдері сапалы әрі тұрғындарға қолжетімді. Түрлі формаларда құйылып жатқан қаптамалар сіздің үйіңізге жылу беріп қана қоймай сән де береді. Халық арасында көп сұра-

нысқа ие өнім. Екі-үш қайтара сылап жатпай қалақтың сыртынан арнайы желіммен жапсыра саласыз, қаржыңызды да үнемдейсіз. Сонымен қатар Құрекең 4 азаматты тұрақты жұмыспен де қамтып отыр.

Осындай азаматтарға қарап отырып «қазақ жалқау» деген стереотипке келісе қоймассың.

Өрісің кеңіп, бүгінгі ашқан шағын бизнесіңіз орта жолда тоқтап қалмай әлемдік брендке айнала берсін. Әрине оңай шаруа емес. Ел игілігі үшін атқарып жатқан еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.

КІТАП, ИНТЕРНЕТ, ЖӘНЕ ЖАСТАР



ағымы – қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Кітап адамның жүрегі, санасын, ақыл-ын байытады, дүниетанымын кеңейтеді, жақсы кітапты оқу арқылы адамның сөздік қоры көбейіп, өз пікірін еркін жеткізе алады. Сондай-ақ оқу логикалық ойлауды дамытады және интернетті меңгеруіміз керек деп, таңертеннен кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көзіміз жетті.

Шара барысында әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтану керек екендігі айтылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Кітап, интернет және жастар» тақырыбында Сызған ауылы жастары арасында дөңгелек үстел өтті.

Қазіргі қоғам- жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және XXI ғасырдың бұл

Кешірім айы келе жатыр, кешірілетін амал істейік!

Иә, аса Қамқор, ерекше Мейірімді ұлы Жаратушымыз құлдарын жаратқан соң, нәпсілерімен оңаша тастап қоймады. Керісінше, екі дүниеде де бақытты болуларын қалап, көкпен тура жолды адасудан айыратын кітаптар түсірді. Сондай-ақ, кітаптарын құлдарына түсіндіріп берсін деп, араларынан Пайғамбарлар шығарды. Тағы да өзінің дінде бұйырғандарына мойынсұнып, амал еткен құлдарына сыйлық ретінде «жәннат» бақтарын, ал бағынбаған, тіпті қарсы келген құлдарына «тозақ» оттарын әзірледі. Сонымен қатар, құлдарының азғырушы лағынеті шайтанның, оған ілесуші адамдар мен жандардың және нәпсілерінің жамандығынан аман бола алмайтындарын біліп, олардың тозақтан құтылып, жәннатқа кірулері үшін иманды, исламды парыз етті. Міне, осы парыздарға сеніп, иман келтірген және хақ дін исламда әмір етілгендерге амал етіп, тыйым салынғандардан тыйылғандарға мүмін (иман келтіруші), мүсұлман (мұсылман) делінеді. Егер кеңірек айтсақ, хақ дін исламның бес парызы бар:

- 1.Иман. (Алланың барлығына және бірлігіне иман келтіру);
- 2.Намаз. (Бес уақыт намаз оқу);
- 3.Ораза. (Жылына бір рет Рамазан айында ораза ұстау);
- 4.Зекет. (Жылына бір рет нисабы толған дүние- малынан садақа беру);
- 5.Қажылық. (Өмірінде бір рет Мекке мен Мәдинаға қажылыққа бару).

Бұл жайында ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (Ол кісіге Алланың игілігі мен сәлемі болсын!): «Ислам бес тірегі бар бір ғимарат секілді. Олар: Иман, намаз, ораза, зекет және қажылық», - деген.

Жалпы, бұл парыздардың әр-қайсысы бір тарау ғылым. Сол себепті, Рамазан оразасы жайлы маңызды болған жәйттарды ғана сөз етпекті жөн көріп отырымын. Дегенмен, әуелі оқырмандарымыздың назарын мынаған аударсам деймін. Жоғарыда айтқанымдай, Мейірімді Алла тағаламыз құлдарына бірнеше нығмет берді. Мақсаты, сүйікті құлдарының мына фәни (жалған) дүниеде күнәға белшесінен батып кетпеуін қалап немесе күнәдан пәк пенде болмайтынын ескеріп, сол күнәлары кешіріліп, тәубелері қабыл болсын деп, сондай-ақ, ізгі де игі амалдар жасап сауапқа кенелсін деп, жоғарыдағы парыздарды міндеттеді.

Сонымен, бірінші нығмет ол- иман. Яғни, кімде-кім «Лә иләһә илләллаһ Мухаммадур расуллуһа» (Алладан басқа тәңір жоқ Мұхаммед Оның елшісі) дегенге шын жүректен сеніп, тілмен куәлік берсе, ол адам анасынан туғандай күнәдан пәк болады. Бұған дәлел ретінде мына хадисті келтіруге болады: Бірде, Әмір ибн Ас деген сахаба өзін хақ дін исламға шақырған пайғамбарымызға: «Жарайды, мен сенің шақыруыңды қабыл алып, мұсылмандықты қабылдаймын, тек бір шартым бар», - дейді. - Пайғамбарымыз: Ол не шарт? - деп сұрайды. - Әмір ибн Ас: Ислам менің бұған дейінгі бүкіл күнәларымды кешірсін, - дейді. - Нәби: Жарайды, шартыңды қабылдаймын. Себебі, шынында Алла хақ дін исламды қабылдаған құлдың барлық күнәларын (үлкенін және кішісін) кешіреді», - деп жауап береді. Міне, бұдан шығатын қорытынды кәлима айтып, дінде қабылдаған адам анасынан жаңа туған сәбидей күнәдан пәк болады. Әрине, бұл әуелгі және ең ұлы нығмет.

Екінші нығмет ол- бес уақыт және жұма намаз, ораза, зекет және қажылық. Бұған дәлел, ардақты Пайғамбарымыз егер кісі үлкен күнәлардан сақтанып жүрсе, бес уақыт намаз әр уақыт аралығындағы кіші күнәларды кетіреді. Сондай-ақ, жұма намазы екі жұма арасындағы кіші күнәлардың кешірілуіне көпесті болады. Тағы да Рамазан оразасы өзінен алдыңғы бір

жылдың күнәсының кешірілуіне себеп. Сонымен қатар, өмірінде бір рет зұлхижа (құрбан айы) айында үлкен қажылық жасаған адам, егер қажылығы қабыл болса, анасынан қайта туғандай күнәларынан пәк болады. Бұған да құран мен хадистен көптеген дәлелдер бар. Зекет те солай.

Міне, сол шексіз нығметтерден бірі Рамазан оразасы енді бір шамалы күнде есігімізді қағып: «Ассалаума ғәлейкүм!» демекші. Ендеше, мейірім, кешірім айы атанып кеткен, айлардың сұлтаны Рамазанға біз де «Хош келдің!»-делік!

Рамазан оразасының артықшылығы

Сонымен, әуелі Рамазан оразасының парызын білдіретін аятқа кезек берейік. Алла тәбарокә уә тағала Бақара сүресінің 183 аятында:

«Әй, иман келтіргендер! Сендерге, сендерден алдыңғыларға (үмбеттерге) парыз етілгендей Рамазан оразасы парыз етілді. Бәлкім, тақуалық қыларсыңдар!», - дейді. Бұл аяттан ұғатынымыз, ораза құлшылық және біз сөз еткен нығметтің ерекше түрі. Себебі, оны Алла тағала барлық үмбетке парыз еткен. Бұған ардақты Пайғамбарымыздың жоғарыдағы: «Ислам бес нәрсенің үстіне құрылған», - деп басталатын хадисі де дәлел болады. Сондай-ақ, аяттың жалғасында: «Бәлкім, тақуалық (құдайдан қорқарсыңдар) қыларсыңдар!», - дейді. Яғни, бұдан шығатын қорытынды әрбір құдайдан қорқатын құл парыз болған Рамазан оразасын ұстауы парыз, әрине, үзірі барларынан басқа. Сондай-ақ, ораза ұстау деген тек қана таңнан кешке дейін ішіп-жууды және төсек қатынасынан тыйылу емес, керісінше, көзін, құлағын, тілін, аяғы мен қолын, тіпті ойын тыйым салынған нәрселерден сақтау. Бұған дәлел ретінде Пайғамбарымыз айтады: «Кісі ораза ұстап жүріп, күнәлардан сақтанбаса, оның оразасы таңнан кешке дейін аш жүргеннен басқа ештеңе емес», - деп.

Сонымен, Рамазан оразасының парызына көз жеткіздік. Енді, ол кімдерге парыз дегенге ойыссақ, Алланың елшісі (Ол кісіге Алланың игілігі мен сәлемі болсын!) былай дейді: «Рамазан оразасын шын иман келтірген және сауабынан үміт еткен халде ұстаған адамның бұрынғы істеген күнәлары кешіріледі». Демек, ораза ұстаушыға қойылатын бірінші талап оның иман келтірген адам, яғни, мұсылман болуы. Сондай-ақ, бұл жерде әйелге де ерекше де бірдей, жалпы айтылып отыр. Тек, басқа да құлшылықтардың шарттары сияқты мұсылман болуы, бәлиғатқа толған болуы тиіс. Ал, енді кімдер бұл парыз оразадан босатылады немесе кімдерге парыз емес дегенге келер болсақ, ұлы Алла тағала сол «Бақара» сүресінің, 184 аятында: «Сендерге Рамазанның белгілі күндерінде ораза ұстау бұйырылды. Ал егер, сендерден кім сырқат немесе сапарда болса, сол қаза қылған күндерінің оразадан басқа уақыттарда қазасын өтеп берсін. Ал, кімдерге бұл ораза қиындық тудыратын болса, оларға парызынан құтылу мақсатында мискіндерді тамақтандыру бұйырылады. Ал енді, бұлардан кім өз еркімен ізгі амал істесе, өзі үшін қайырлы. Егер білсеңдер, сендер үшін ораза ұстау қайырлырақ», - деп ескертеді. Бұдан шығатын қорытынды, кім ораза айы келгенде сырқат немесе сапарда болса, оразадан босатылады екен, тек, басқа уақыттарда орынын толтыру шартымен. Осы жерде ескеретін жәйт, егер кісі ораза айының белгілі бір уақыттарында ғана сырқат не сапарда болса, аурынан жазылған немесе сапарынан оралғанынан соң оразасын келген жерінен жалғай береді, Тағы да бір мән беретін нәрсе, ғалымдарымыз құран-сүннетке сүйене отырып, ауруды екіге бөліп қарастырады: жазылуынан

үміт етілетін және үміт етілмейтін деп. Ал, енді бұл екеуін ажырату үшін, тек жазылуынан үміт күтілмейтін аурудың түрлерін біліп қоюымыз жеткілікті болады. Мысалға, қант диабеті, анкологиялық аурулар және асқазан аурулары сияқты ораза ұстаған жағдайда кісінің денсаулығы онан сайын төмендеуі мүмкін сырқаттар. Мұндай науқастар және аяттың жалғасында келгендей, ораза ұстауы қиындық тудыратындар, яғни, әбден қартайған адамдар мен жүкті не емізүлі баласы бар әйел кісілер оразадан босатылады. Егер, тұтқан оразасы өзінің немесе құрсақтағы және емшектегі баласына зарарын тигізетін болса. Дегенмен, осы аяттың жалғасында ұлы Алла тағала иман келтірген құлдарына ескертіп: «Ал енді, бұлардан кім өз еркімен ізгі амал істесе, өзі үшін қайырлы. Егер білсеңдер, сендер үшін ораза ұстау қайырлырақ», - деді. Бұдан шығатын қорытынды, кім тақуалық қылып, зарарынан қашып, ораза ұстаса өзі үшін қайырлы», - деп отыр. Қараңызшы, бұл жерде де ең соңғы сөзді құлшылықтың қалдырып отыр, осыдан кейін мұны Жаратушысы тарапынан құлға болған қамқорлық, мейірім демеі көріңіз. Әрі қарай, ардақты Пайғамбарымыз жоғарыда шын иман келтіру деумен нені меңзеп отыр? Әрине, шын иман келтіру деп, Хақ тағаланың барлығы мен бірлігіне шынайы сенген және оразаның парызына разы болу мен болашақта берілетін сауаптан үміт етуді айтып отыр. Әйтпесе, қыстың қақпаған аязында немесе жаздың шілдігі шілдісінде өзін тамақтан, судан тосып жүру оңай шаруа емес. Бұл үшін әрине, үлкен сенім, тақуа және сабыр керек құлға. Сонымен қатар, құлға осынша сынақтарға шыдау үшін заманауи тілмен айтқанда едәуір «стимул» қажет. Бәрінің әуелін, ақырын Білуші, Естүші және Көруші болған ұлы Жаратушымыз өзінің рахметімен құлдарына бұл стимулды беруді ұмыт қалдырмады. Бұған дәлел, Алланың елшісі жеткізген «Құдсий» хадисте ұлы Алла тәбарокә уә тағала айтады: «Адам ата ұрпақтарының барлық амалы өзі үшін. Тек ораза Мен үшін және оның сауабын өзім беремін», - деп. Осы жерде, ғалымдарымыз былай дейді: «Құранда келгеніндей, Алла тағала әрбір ізгі амалға он еседен жеті жүз есеге дейін сауап береді». Ал, енді осыдан соң оразаның сауабын өзіңіз елестетіп көріңіз! Егер, намаз, зекет және қажылық сынды т.б ізгі амалдарға он еседен жеті жүз есеге дейін сауап берілсе, онда ораза тұтушы үшін берілетін сауап қандай болмақ. Ол үшін әрине, әуелі ақылдан мысал келтірейік. Мысалға, ауданымыз бен облысымызға, тіпті байтақ елімізге танымал бір спортшымыз Олимпиада ойындарының жеңімпазы болып, елге оралды дейік. Әрі қарай не болады? Әрине, аудан әкімі өз шамасына қарап, көлік тарту етуі мүмкін. Бірақ, облыс әкімінің мүмкіндігі одан да жоғары болғандықтан бір көлікпен шектеліп қалмай, облыс орталығының ең престижді ауданынан екі бөлмелі пәтердің кілтін тарту етуі бек мүмкін ғой. Ал, еліміздің Мемлекет басшысы ше, ол кісінің елордамыздың қақ ортасынан 4-5 бөлмелі пәтер, ең соңғы үлгідегі көлік, тіпті, салынып, бітіп тұрған бір спорт кешеніне әлгі спортшының атын беруге құдіреті жетеді ғой, дұрыс па? Әне, ағайын! Әншейін, бір ауданның, облыстың, жарайды бір мемлекеттің басшысы осындай жомарттық істеп жатыр екен. Ал, енді «Ораза тек мен үшін және оның сауабын өзім беремін», - деген ұлы, Жомарт Раббымыз жер бетіндегі барлық аудан, облыс, тіпті мемлекет басшыларының, олардың меншігінде болған, болмаған нәрселердің иесі емес пе? Демек, оның беремін деп уәде етіп отырғаны Оның өзіне ғана тән Жомарттығына байлауы емес пе? Осы орайда, жуырда ғана

әлеуметтік желілерден естіген мына тәмсілді оқиға есіме түсіп отырғаны. Оқиға, мынау «коронавирус» секілді пандемия жайлаған Еурпопа мемлекеттерінің бірінде орын алса керек-ті. Індеттен ұзақ емделіп, жазылған бір қарт адамға дәрігерлер емдеу кезіндегі шығындар парағын алып кеп беріпті. Ауруынан жаңа ғана айығып, Жаратқанына шүкір етіп отырған қарт қағазда жазылғандарды оқып, кенеттен жылап жібереді. Мұны көріп тұрған дәрігерлер ол кісіні сабырға шақырып, төленетін бұл ақшаға бола жыламауын өтінеді. Сонда қарт адам көзінің жасын суртіп тұрып: «Мен ақшаның көп немесе аздығын ойлап жылап отырған жоқпын. Тек, мына қағазда арнайы дем алдыратын аппараттардың көмегімен дем алғаным, сол үшін құнын төлеуім қажеттігі жазылыпты. Енді өздеріңіз ойлаңыздаршы, қазір жасым 90- да, баржоғы бір-екі аптада аппараттан алған ауама мынадай қаржы төлеуім керек болса, 90 жыл бойы жұтқан ауам үшін Жаратушыма қарызымды қалай өтеймін», - деген екен. Міне, осы тұрғыдан алғанда әр күн жұтқан ауамыздың өзі Жаратқанның теңдессіз сыйы емес пе? Су, нан т.б азық-түліктер сатылуы мүмкін, тек, ауа сатылмақ емес. Себебі, адамдардың иелігіне өтіп, оны сата бастаса қиямет-қайым сол кезде болады. Демек, Жаратушымыздың беріп жатқан басқа сансыз нығметтерін қойып, тек жұтқан ауамыздың өзі ең жақсыны үшін шүкір етсек аз болады. Әрине, жоғарыдағы оқиғада келтірген қарттың жағдайына түсіріп, Жаратқан бізді сынамамын деп тілейік. Мұнан әрі сүйікті Пайғамбарымыз ораза ұстаушы құлдарын тағы да былай сүйіншілейді: «Жаным қолыңда болған Алла тағаламен ант етемін! Қиямет күні Жаратушы иеміздің алдында тұрғанда ораза ұстаушының аузынан шыққан иіс мистің (хош иісті иіссу) иісінен де жағымды болады. Сондай-ақ, ораза ұстаушы екі жағдайда қуанады. Біріншісі, ауыз ашқанда, ал екіншісі, Қияметте Жаратушысымен қауышқанда. Бұдан ұғатынымыз, ораза Раббымыздың бұйырғандарының ішіндегі ұлы құлшылықтардың бірі. Себебі, ораза ұстаушы «Мен оразамын» демесе, оның ораза екенін ешкім білмейді. Демек, құл мен Қожайынның арасындағы бір сыр. Сондықтан да, ардақты Пайғамбарымыз ораза ұстаушы үмбетін қайсыбір істерді жасаудан қайтарғанда былай деп ескертті: «Сендерден кім ораза болса, оған біреу келіп тиісіп жанжал шығарса: «Мен оразамын!», - деп айтсын». Қараңызшы, сүйікті Пайғамбарымыз біздерге, оразаны бұзатын нәрселерден өзімізді сақтауымыз үшін ғана Жаратушымыз бен арадағы сырды ашуға бұйырып жатыр. Міне, осы жағдайдың өзі ғана құлдың Қожайынынан қаншалықты қорқып, сауабынан үміт ететіндігіне дәлел бола алады. Әрине, бұл жерде құлдың Қожайынынан қорқуынан бөлек, Оған деген шексіз махаббаты мен үміті жатыр. Ендеше, ауданымызда жасап жатқан барша мұсылман дін-қарындастарымызды осы бір алғашқы он күндігі-мейірім, келесі он күндігі-кешірім және соңғы он күндігі Алланың құлдарын тозақтан азат ететін айы болған Рамазан оразасын шынайы ықылас-ниетпен қарсы алуға. Құранда және Сүннетте бұйырылғандай немесе тыйғанындай амал етуге. Жай күндері әрбір игі амалға он еседен жеті жүз есеге берілетінін, ал, мына қасиетті ай Рамазанда ұсталған оразаның сауабын өзі, қалағанындай беретінін ескеріп, осындай шексіз нығметке кенелуге шақырамын! Әрине, бұл қасиетті Рамазан оразасы жайлы жазған мақаламның соңы емес, алдағы уақытта ауданымыздың бас имамымен сұхбат жасап, созақтықтардың ораза жайлы сан сауалына жауап беруге әзірміз!

Қазіргі посткеңестік елдердегі маңызды мәселелердің бірі – мемлекет және дін қатынасы. Өткен ғасырдың 90-жылдары өз тәуелсіздігін жариялаған ТМД мемлекеттерінің барлығы негізгі Заң – Конституцияларында мемлекеттің зайырлы сипатын бекітті. Қазіргі ТМД елдері – зайырлы мемлекеттері дін қатынастарына осы елдердің тарихы мен дәстүрі, әлеуметтік-саяси ахуалы ықпал етеді. Сонымен қатар осы елдердің жетпіс жылға жуық бір мемлекет құрамында, коммунистік идеология құрсауында болуы мемлекет пен дін қатынасында өз қолтаңбасын қалдырды.

Тәуелсіздігін жариялаған алғашқы сәттерінен бастап еліміз адам құқықтарының, соның ішінде ар-ождан және дін наным-сенім бостандығы құқығының мызғымастығын заңнамалық тұрғыдан кепілдендірді. Бұл Қазақстан Республи-

белгіленбейді.

Діни бірлестіктер мемлекеттік функцияларды атқармайды және мемлекет егер заңға қарсы келмесе діни бірлестіктердің әрекетіне араласпайды.

Діни бірлестіктер мемлекеттік билік пен басқару органдарын сайлауға қатыспайды. Конституцияда көрініс тапқан діни негізде саяси партиялар құруға тиым салу қағидасын одан әрі дамыта Заң діни бірлестіктерге саяси партиялардың әрекетіне қатысуға және оларды қаржыландыруға тиым салады. Діни бірлестік қызметкерлері саяси өмірге тек өз атынан барлық азаматтармен қатар қатыса алады. Республикамызда діннің саясатқа араласуына тиым салынғанымен, дін қызметкерлерінің барлық саяси азаматтық құқықтар қорғалған.

Діни бірлестіктер заң мен құқықтық тәртіп талаптарын сақтауы тиіс. Мемле-

Зайырлы мемлекеттегі дін бостандығы

касының Конституциясында көрініс тапты. Елімізде дін саласына қатысты қабылданған заңдар мен ресми құжаттар діни қатынастарды жетілдіруге және осы саладағы келеңсіз құбылыстардың алдын алуға бағытталады.

1992 жылы қабылданған «Діни наным-сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы, азаматтардың діни наным-сенім және ар – ождан бостандығын бекітуге бағытталса. Ал 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы, діни қатынастарды реттеуге, жүйелеуге бағытталды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сай дін мемлекеттен ажыратылғанымен, қоғамның рухани өмірінде үлкен орын алады. ҚР Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мән беріледі.

ҚР Конституциясы мен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы» тәуелсіз мемлекет пен дін арақатынасын реттейтін құқықтық негізді айқындады. Бұл қатынастар төмендегідей іргелі принциптерге сүйенеді:

- а) дінге қатынасына қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтылығы;
- б) діни және зайырлы бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылғандығы;
- в) мемлекеттік білім беру жүйесінің зайырлы сипаты;
- г) діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі;
- д) наным-сенім бостандығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін арнайы заңдардың болуы және оларды бұзған жағдайда жауапкершілікке тартудың қарастырылуы.

ҚР азаматтарының ой еркіндігі мен дінді ұстану құқығы ҚР-ның Конституциясына, Азаматтық кодекске, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға, басқа да заң актілеріне және Қазақстан Республикасы мойындаған адам құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық актілерге негізделеді.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңның 3-бабында: «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары Конституцияға және осы Заңға сәйкес жеке өзі, сол сияқты өзгелермен бірлесіп, діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға және таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы».

Аталған заңның үшінші бабына сай діни бірлестіктер мемлекеттен ажыратылған. Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында тең. Ешқандай дін мен діни бірлестіктердің бір-бірінен артықшылықтары жоқ. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде

кет дінді ұстанатын және оны ұстанбайтын, сондай-ақ әр түрлі діни бірлестіктер арасында өзара тәзімділік пен сыйластық қатынас орнатуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес тіркеуден өтпеген діни бірлестіктердің әрекет етуіне жол берілмейді.

Мақсаты мен іс-қимылы мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға бағытталған, діни алауыздық пен дұшпандықты қоздыруға, соның ішінде, күш көрсетумен немесе күш көрсетуге үндеумен байланысты діни бірлестіктер құруға тиым салынады.

Діни экстремизмге үндеуге, сондай-ақ конфессия аралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-қимылдарды іске асыруға тиым салынады. Елімізде экстремизмнің алдын алу мақсатында «Экстремизмге қарсы күрес туралы заң қабылданды». Бұл заң ұлттық, этникалық, діни араздық пен тәзімсіздік қаупін тудыратын әрекеттерге тосқауыл қояды.

Аталған заңның үшінші бабының төртінші пунктіне сәйкес республикамыздағы мемлекеттік білім беру мен тәрбие жүйесі діннен ажыратылған және зайырлы сипатта.

Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар өз балаларын өз сенімдеріне сай тәрбиелеуге құқықты, бірақ балаларды дінге мәжбүрлеуге жол берілмейді. Балаға діни тәрбие беру оның тәндік және психикалық денсаулығына, сондай-ақ адамгершілік дамуына нұқсан келтірмеуі керек. Сондай-ақ, «ешкімнің де өз діни нанымдарын себеп етіп, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ».

Мемлекеттік конфессионалдық қатынастың аталған еуропалық үлгісі «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңында» ескерілген. Заңның кіріспесінде «Қазақстан Республикасы азаматтарының діни нанымдарына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениеті мен діни өмірін дамытуда ханафи бағытындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» деп атап көрсетілген.

Қорыта келе мемлекеттегі әрбір азамат өзінің дәстүрлі дінін құрметтеп, салт-дәстүрімен тарихын мәдениетін қалыптастырып, болашақ ұрпаққа өнеге ете алады. Өйткені бұл нәрсеге Ата Заңымызда барлық мүмкіндік берілген.

Жангелді БИТАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Сайрам ауданындағы дінтанушы маманы.

Нашақорлыққа салыну- болашағыңа балта шабу

Қазіргі уақытта кейбір адамдар өміріне, мүлкіне, қоғамдағы жағдайына үлкен зиян келтіретін аурулармен ауырады. Соның бірі – «ғасыр обасы» атанған нашақорлық дерті. Нашақорлық адамды Құдай бұйырған адал өмірден айырады, отбасын құрдымға кетіріп, денсаулығына ауыр зиян келтіреді де қылмыстың жолына түседі. Атап айтқанда, қарапайым ойын-сауық, қарапайым қызығушылық, жастардың «дәмін татуы» кейіннен оған толық құмарлыққа апарды.

Жастар арасында нашақорлықтың таралуы ересектер арасында таралудан да қа-

«Ойды мас қылып, тұншықтыратын нәрсенің бәрі харам», - деп ескерткен. Ибн Сири (р.а.) былай деген: «Өзін-өзі құрдымға тастау – Алланың мейірімнен үмітсіздіктің белгісі». Имам Бухарида келген құдси хадисте: «Құлым өзін-өзі өлтіруге асықты және берген өміріме маған шүкіршілік етпеді. Сондықтан мен оған жәннатты мәңгілікке харам еттім», - делінген.

Бір сөзбен айтқанда, нашақорлық кез келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен кедергі болып табылады. Дені сау адам таңертең ертерек тұрып, жуынып, таңғы жаттығуларын жа-



терлі екені белгілі. Халықтың бұл бөлігі есірткіге тәуелді болған сайын қоғамның болашағына қауіп төнеді. Тәжірибе көрсеткендей, нашақорлықтың алғашқы қадамы 11-17 жастағы жасөспірімдер арасында жиі байқалады. Олар өлімнің не екенін терең ұғынбайтын жаста есірткіге ұрынады. Өлімнен үлкендер қорқуы мүмкін, жастар қорықпайды. Нашақор үшін өлім – өмір сүрудің мәнін жлғалтудан бастау алады. Жастар психологиясы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде олардың орта іздейтіндігі, өзіне ұқсас жолдасы жоқ жасөспірім жапанда жалғыз қалғандай сезінетіндігі дәлелденген.

Ислам дінінде өзіне және өзгеге зиян келтіру қатаң түрде айыпталған. Ал есірткіге тәуелділік – екі жағдайда да адамзат баласына орны толмас қайғыға душар болуына себеп саналатын лас әрекет. Алла Тағала адамға ненің зиянды, ненің пайдалы екенін сезініп, құрдымға келтіретін істен бойды аулақ ұстауы үшін ақыл мен ой қабілетін дарытқан. Ардақты Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде: «Адамдардың көбі қадіріне жете бермейтін екі нығмет бар, ол – денсаулық және бос уақыт», - деген. Сондықтан да әрбір адам денсаулығының түзулігіне шүкіршілік ете білуі абзал. Осы сынды нығметтерге залал келтіру, берілген өлшеулі ғұмыр мен зор байлық саналатын денсаулықты құрдымға жіберетін түрлі зиянды әдеттерден аулақ болу әрбір ақыл иесі үшін міндет болып табылады. Ғұлама Ибн Хажар әл-Мәккидің «Фатауа-и Исламия» атты еңбегінде адам денсаулығы мен қоғамға келтіретін ауыр зиянның 120 түрі көрсетілген. Абу Дауд риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.):

сап, тамақтанады, жұмысына барады. Бір күндік уақытын достарымен немесе жанұясымен қызықты өткізеді. Өзі қалағанындай көз келген нәрсемен айналысып, уақытын текке жібермейді. Ал нашақор адамды алатын болсақ, ол әдеттегідей тәуелділігімен, сол есірткіні іздейді де тұрады. Бір күндік өмірі басқалардан ақша талап етумен, есірткіні қалай да тапсам деген ойлармен ғана өтеді. Басқаларды ұмытып, өз әлемінде ғана өмір сүреді. Бұл өмірлердің қайсысы жақсырақ деп ойлайсыз? Есірткіге құмар адамдардың қылмыстық істердің ауыр түрлеріне баруы жиі кездесетін жағдайлардың бірі. Осы қатермен күресудің негізі – есірткінің таралуы мен қолданылуына шек қою. Сонымен қатар, тәуелді ететін есірткі заттарының рух және тән саулығына келтіретін зияндары жайлы кеңінен ақпарат беру. Отбасы қатынастары және қоғамдық байланыстар тұрғысынан жағымсыз нәтижелерге көзіңіз жетуін қамтамасыз етіп, зиянды заттарды ұсынғандарға қалай «жоқ» деп айту керектігін үйретуіміз қажет. Ең бастысы, жастарға зиянды заттар мен оларды қолданудың нәтижелерін түсіндіргеннен қорықпау керек. Түсіндірме жұмыстары арқылы олардың қызығушылығы артып кетпейді. Керісінше, дұрыс мәліметі болмаса әсіре күшейтілген өтірік мағлұматтар оны еліктіріп, қызықтырып әкетуі бек мүмкін. Сондықтан бұл злымдыққа тойтарыс беру әрқайсымыздың міндетіміз.

Б.ШАЙМЕРДЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің «Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.

Меккедегі суретін жарыса жариялап, қажылыққа апаратын турфирмаларды жарнамалап жүрген блогерлерден көз шаршап, құлақ ауырды. Мұсылмандық парызын орындау үшін сол жарнамаларға сеніп, жиған-тергенін турфирмаларға салып, соңында жер сипап қалған адамдар да аз емес. Сонда қажылыққа бару алдап-арбау мен бизнестің көзіне айналып кетті ме?

Өмірімізге әлеуметтік желінің өнуімен бірге блогер деген маманмен таныс бола бастадық. Инстаграмдағы псевдопсихологтар, шөп дәрілер мен қызыл жіп сатқыштар, отырып алып ақыл айтып, курс сатқыштардың бәрін алғашында блогер деп біле қоймадық. Қазір кейбірінің қылығы әшкере болып,

өткізсе, олардың 17-сі ғана байқау талаптарына сай келген.

Еске салайық, енді 15 желтоқсанға дейін тіркелген азаматтар ғана қажылыққа бара алады. Себебі Сауд Арабия Королдігі Қажылық және ұмра министрлігінің талабы бойынша «Қажылық-2024» маусымына биыл 15 желтоқсанға дейін қажылары тіркеліп біткен елдерге қажылық орындары бөлінеді. Яғни, 15 желтоқсанға дейін қажылықтың электронды жүйесіне тіркеліп, сол жүйеден алынатын қызмет түрлеріне (қонақ үй, Мина, Арафат және тағы басқа қызметтер) қаражаты төленген кісі санының көлеміне сай, Қазақстан азаматтары үшін қажылық орындарының саны айқын бола-

Дін бизнес па?

семинарына халықты афишамен жинай алмай қалса, көбісі тонын айналдырып киіп, басқа бағытқа ауысып кетеді. Мұның бәрі кеше болған оқиғалар, ал бүгін осындай жағдайлар қайталанбас үшін тәртіп керек екені байқалады.

Бізде ақпарат құралдары туралы заң бар. Тіркелмей, өз бетінше газет-журнал шығарып, телеарна аша алмайсыз. Осы заңнама арқылы мемлекеттік билік ақпаратқа монополия жүргізіп келді. Алайда ақпараттық технологияның дамуы, интернет, әлеуметтік медиа заманы билікті бұл монополиядан айырды. Ал ақпараттық технология БАҚ-тан басқа да ақпарат тарату каналдарын көбейтіп жіберді. Телеарнасыз-ақ көрермен жинауға болады, газет ашпай-ақ оқырманға сөзіңіз жетеді. Бұрын тек БАҚ арқылы болатын. Сондықтан БАҚ туралы заң тек БАҚ-ты реттейтін құрал болып қалды, ақпарат ағымын түгел реттей алмайды.

Ең әуелі қажылықтың мәніне үңіліп, бабаларымыз биік ұстаған, қадір тұтқан ұғым жайында ой ербітсек. Негізінен, қажылық сөздікте «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдіреді. Шариғатта арнайы уақытта, яғни қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зұлхиджа айының 10-12 күндеріне дейін арнайы мекенде, яғни Араб түбегінде орналасқан Мекке мен Мәдина қалаларында болып, бекітілген ихрамға кіру, Қарғаны жеті айналып тәу ету, Сафа мен Маруа арасында сағий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау болып табылады. Қажылықты, шариғат бойынша балиғат жасқа толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеге қарызы жоқ мұсылман ғана парызын өтей алады.

Әр жыл сайын қаңтар айында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы бастаған делегация мен Сауд Арабиясының Қажылық және ұмра министрлігіне қарасты мекемелер арасында келісім-шарт жасалады. Тек келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін қажылықтың маусымдық жұмысы басталады. Осы мақсатта елімізден қажылыққа барады деген азаматтар үшін қажылық орындары алдын ала бекітіліп, ҚМДБ бас мүфтиі мен Сауд Арабиясы министрі негізгі келісім-шартқа қол қояды.

Сауд Арабия Қажылық және ұмра министрлігі 2024 жылғы қажылық маусымы үшін Қазақстанға 10 мың қажылық орнын ұсынды. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 2,5 есе көп (2023 жылғы квота саны 4 мың болатын).

ҚМДБ коммерциялық емес мекеме болғандықтан, қажылықты ұйымдастыру жұмыстарын, яғни баратын азаматтарға қонақ үй және ұшақ билеттерін алу, транспорт қызметтерін бекіту секілді жұмыстарды туристік компанияларға береді.

Сондай-ақ, қазақстандықтарды 2024 қажылыққа апаратын туристік компаниялар тізімі де белгілі болды. ҚМДБ байқауына 31 туркомпания құжат

ды.

Қазіргі таңдағы үлкен проблема үлкен қажылыққа апаратын операторларға емес, ұмраға апаратын туроператорларға қатысты туындап отыр. Ұмраға апаратын туроператорлардың жұмысы елімізде ешқашан бақылаудан өтпеген. Оны кез келгені ұйымдастыра береді. Сауд Арабиясы кіші қажылықты ұйымдастыруды жеке фирмаларға беріп қойған. Сол компаниямен біздің турфирмалар келісім-шарт жасасқан. Адам жинап, солжаққа жібереді. Сауд Арабиясында компаниялар қонақүй дайындап, адамдарды күтіп алады. Визаны да сол жеке компаниялар береді. Ал үлкен қажылықта визаны Діни басқарма іріктеуден өткен туроператорларға таратып береді. 2019 жылдан бері екі елдің арасында туристік виза пайда болды. Ол бір жылға беріледі. Осылайша, Сауд Арабиясына барған адам үш айға дейін сол жақта қала алады. Елімізде 6 мыңнан астам туроператор, олардың арасында тәуелсіздік алғаннан бері осы салада келе жатқан сенімділері бар. Бірақ дінді түсінбесе де, ақша үшін адам жинап қажылыққа апаратын кәсіпкерлер көп. Яғни, виза шыққалы адамдар ұмраға апаруды кәсіпке айналдырып алды.

Екі елдің арасында туристік визаның ашылуы діни ахуалдың күрделенуіне алып келуі мүмкін. Себебі теріс ағымдағы азаматтар үш айға сол жаққа барып, «шейхтардан» сабақ алып рухани қуаттанып келеді. Түркия және басқа да Араб елдерінің ұстаздары шариғат бойынша білімі жоғары болса да, қазақтың ата-баба дәстүрімен келе жатқан дінін олар түсінбейді. Енді виза бір жылға берілгеннен кейін теріс ағымдар тарапынан қауіп екі есе күшейді. Ұмраға визаны туроператорлар ғана емес, кез келген адам рәсімдей алады. Олар құжаты жоқ болса да, сайтқа кіріп, виза жасата береді. Қазір ұмраға қажылықты бақылауға алу мүмкін емес. Сол жақтың жолын білетін адамдар 10-15 адамды жинап, алып кетіп жатыр.

Олар көбіне қажылықты жарнамалап, діни насихат жасап, ұғым, түсініктерді тәпсірлеп жатады, мұны молдалар айтса бір жөн, олай жасайтындай блогерлер діни білімі бар адамдар емес. Осы дін мәселесіне блогерлердің араласып, діни кейіпке өніп, пәтуа айтып, ақыл-кеңес беруі дұрыс емес құбылыс. Ал қажылыққа келсек, ол туризм бизнесінің бір түрі, оның бизнес екенін дұрыс түсініп, ара-жігін ажырата білуіміз керек.

Алайда, блогер болсын, бақсы болсын, кім болса ол болсын, егер Қазақстанның заңнамасын жаза басса, яғни біреудің ар-ожданына нұқсан келтірсе, бассыздыққа барса, қоғамға зиян келтірсе, кез келген адамның заң алдында жауапкершілігі нақты әрі айқын анықталған.

Айдана СЕЙДУЭЛІ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Ел екпеден неге үркеді?



Қазіргі заманғы ата-аналардың барлығы вакцинация туралы білетініне күмән жоқ. Дегенмен, кейбір ата-аналардың баласына екпе ектіруге күмәнданатыны жасырын емес. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені олардың көпшілігі, әсіресе жас ата-аналар, балаларды вакцинациядан қорғайтын инфекцияларды, яғни вакцинация арқылы бақыланатын инфекцияларды кездестірмеген. Адамдар тек жұқпалы аурулардан зардап шекпейді, сонымен қатар әртүрлі асқинуларға немесе тіпті арты өлімге дейін апарды. Қатерлі вирустар бар екендігін ұмытып кетеді. Кейбір асқинуларға тоқталайық: аурудың ауыр түріндегі қызылшамен ауыратын құлақтың, өкпенің, трахеяның, бронхиттің және мидың қабынуы, эпипоритпен (шошқамойын) есту қабілетінің жоғалуы, мидың қабынуы, бедеулік, бауыр циррозы, дифтерияға дер кезінде емделу- тек ауру күндерінде, ол бірнеше сағатқа созылады және аман қалған жағдайда, басқа ауруларға қарағанда асқинуларды тудырады және ақыр соңында сал ауруына әкеледі.

Вакцинация – бала күтіміндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Өкінішке орай, ата-аналардың көпшілігі қандай аурулардың алдын алуға болатынын, сондай-ақ жоспарлы вакцинацияны қашан және қай уақытта жасауға болатынын білмейді. Осыған байланысты, жоспарлы вакцинация уақыты жақындағанда, ата-аналар екпенің қауіпсіздігіне алаңдайды. Вакцинация адам ағзасында белгілі бір ауруларға қарсы жасанды иммунитетті қалыптастырады.

Вакцинациядан кейін ата-аналар балаға көп көңіл бөлуі керек. Екпеден кейін балаға төтенше жағдай туындаған жағдайда, ата-аналар баланы медициналық бақылауды қамтамасыз ету үшін вакцинация бөлмесінің алдында 30 минут бойы баламен бірге отыруы керек.

Неліктен көптеген адамдар вакцинацияға күмәнмен қарайды?

Коронавирус адамзат тарихындағы төтенше жағдайлардың бірі болды. Жаңа дүние пайда болса, адамдардың бір бөлігі оны қабылдаса, екінші бір бөлігі қабылдамайды. Алғашқы вакцина пайда болғаннан бері шамамен 225 жыл өтті. Алғаш вакцина шыққанда адамдардың

дың көпшілігі қорқып оны салдырудан бас тартқан. Бірақ кейін ойлап тапқан адамға алғыстарын білдіріп оны мойындаған.

2020 жылы «Covid 19» ауруы пайда болып, арты әлемдік пандемияға ұласты. Бұл ауру біздің елді айналып өтпеді, қаншама қарттарымызды өзімен бірге ала кетті. Халық арасынан «Бізге екпе егіп, бізге чип орнатып жатыр, өлтірмекші» деп екпе алудан бас тартқандар болды. Вакцинацияның 230 жылдық тарихы көрсеткендей, вакцинаға балама жоқ. Вакцинаны алмастыратын бірде-бір пайдалы және арзан дәрі табылған жоқ.

Әрбір адам өзі үшін шешім қабылдауы керек: «Егер мен өмір сүргім келсе, мен вакцинаны аламын; егер мен ата-анамның өмір сүргенін қаласам, мен оларды вакцинация алуға шақырамын. Егер мен балаларымның қабытты және қауіпсіз болғанын қаласам, мен өз үйімдегі әрбір ересек адамға екпе жасаймын».

Исламда вакцинацияға тыйым салынбаған. Ислам діні әрбір адамды өз өмірі мен денсаулығына дұрыс қарауды, аурулардың алдын алу мен емдеу жолдарын іздеуді міндеттейді. Болашақта вакцинация қажет болады. Бұл мәселе медицинаға қатысты, оны осы саланың мамандары жан-жақты зерттеп, оның адам денсаулығына тигізетін пайдалы немесе зиянды әсерін анықтап, оны қолдану жөнінде нақты шешім қабылдауы қажет.

Ислам діні бойынша аурулардың алдын алу үшін екпе егу - мубах (яғни істеуі немесе істеуі адамның өз еркінде). Мұндай екпе әр азаматтың келісімімен жүргізілуі тиіс. Ең бастысы қолданылатын вакцинаның құрамында зиянды заттар болмауы керек.

Қоғамда жұқпалы (вирустық) аурулар көбейіп, өзіне де, өзгеге де зиянын тигізу мүмкіндігі артса, бұл ауруға қарсы екпе алу қажет болады.

Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын ем ізде» деген. Сондықтан да уақытылы екпе алып, өз денсаулығыңызға мән беріңіз. Тек профилактикалық егулер ғана сізді инфекциялық вирустардан сақтай алады.

Б. ТУРАРБЕК,
Теолог маман.

Конго-Қырым қанды безтегі ауруынан сақтанайық!

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы-адамға кене шағу арқылы берілетін аса қауіпті ауру. Кенелердің көптеп кездесуі мезгілі көктем және жаз айлары. Көктем шыға күннің көзі жылысыменен аш кенелер жылу қанды жан-жануарларға, адамдарға шабуыл жасайды. Кенелер негізінде далалық жерлерде, бұталы өсімдіктің басында, құмдағы мал жайылымдарында, мал қораларда, малдарда болады. Кенелер үй ауласына адам мен мал арқылы және үйге иттің жүнімен ілесіп келеді. Кене шағу Конго-Қырым геморрагиялық қоздырғышы қызбасына душар етеді. Кененің бәрі бірдей ауру таратпайды, бірақ вирус жұқтырғыш кене мен жұқтырмайтын кенені ажырату қиын. Сондықтан кененің денеге жабысып, теріге тереңдеп еніп кетуіне сақтану керек. Егер бұл аурудың алдын алмаса, асқынған жағдайда адам өліміне соқтыруы мүмкін. Сау адамдарға залал келтіруі де тез беріледі. Сондықтан аурудың

төмендегі алдын алу шараларын мұқият сақтасақ, бұл аурумен ауырмауға болады. Кенелер өмір сүретін қауіпті аймақта болсаңыз, ашық түсті киім киіңіз.

Далалық жерлерде және мал мен жұмыс істегенде шалбарыңыздың балағын, шұлықтың, көйлегіңізді шалбардың ішіне салып, міндетті түрде кененің бар жоғын білу үшін бір-біріңізді мұқият тексеріңіздер. Басыңызғы орамал байлап, дененің ашық жерлеріне, яғни бетке, қолға, мойынға кенені жуытпайтын арнаулы химиялық заттарды жағу керек. Олар репеленттер деп аталады. Дәріханалардан алуға болады.

Егер денеңізден кенені байқап қалсаңыз, кенеге өсімдік майын тамызу қажет. Кененің тұмсығын жіппен орап алып, маятник тәрізді ырғақты қозғалыспен жайлап, денеден шығарып алу керек. Кенені денеден күрт тартып алу – вирус жұқтырып алу қауіпін арттырады. Кене шаққан жерін йодпен немесе спиртпен сүрту

қажет.

Тез арада жақын маңдағы медициналық мекемеге барып көріңіз.

Үй жануарларының жүнін қырыққан кезде абай болыңыз. Өзіңізді қауіптен қорғау үшін қолыңызға реңке қолғап киіңіз. Қауіпті вирус жаншылған (кесілген) кененің қаны арқылы да жұғуы мүмкін.

Сонымен қатар, кенеге қарсы дәрілерді мал қораға, малдың үстіне сепсеңіз, малыңызда, өзіңізде аман боласыз.

Әрбір ауыл, поселке тұрғындарына көктемгі залалсыздандыру жұмыстарына дайындық жасау, қора-қопсыларды қи-қоқыстан тазалап, қора қабырғаларының кеткен жерлерін сылап, әктеп, механикалық тазалау жұмыстарын ұйымдастыруды назарларыңызға саламыз.

М.ОРАЛУЫ,
Жартытөбе ауылдық округі
әкімі аппаратының ауылшаруашылық жөніндегі бас маман.



СЫРМАҚ

Ұлттық құндылықты ұлықтаған Созақ ауданының қолөнер шеберлері Өтеева Бибайша, Солпекова Мәкірзәріп апаларымыз бірқатар қолөнер бұйымдарын 2008 жылы музейге тапсырған. Қазіргі таңға дейін, өз құндылықтарымен музей қорында сақтаулы тұр. Музей қорында құрылымы бірсыдырғы болып келетін экспонаттарға назар аударсаңыз, олардың әрқайсысының автордың өзіндік шығармашылық серпілісінің ерекшеліктерін байқайсыз. Шебер жұмыс барысында сырмақ сыру өнерінде ең алдымен киіз басу тәсілі мен табиғи жүннің өзара қарым - қатынасындағы сәндік мүмкіндіктерінің ашылуына еркін жол берген.

Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы - жүн болды. Материалды терең зерттеп, оның барсырын, бар мүмкіндіктерін аша білу қолөнер үшін маңызды жәйт. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиеттеріне зер салып, оны өңдеуде техникалық тәсілдің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білген. Алғашқы сырмақ пішінінің қалыптасуына қазақ елінің ежелгі тұрмысында қарапайым жағдайлар себеп болған. Мысалы: көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін, қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Сырмақ киіз үйдің негізгі бөлшектерінің бірі болып табылады. «Сырмақ» атауы, оны дайындау әдісінен алынған. Қазақта «сыру» деген сөз, арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі, жиі етіп бастырып тігу дегенді білдіреді.

Беті шымқай бір түсті киіз болса да, ортасына бір түсті жиекпен ою-өрнек түсіріп сырылған, жақауы басқа түсті жиекпен әртүрлі ою-өрнекпен көмкерілген сырмақтар киіз өңіне қарай ақ немесе қара сырмақ деп аталған. Бұлай аталу сырмақтың негізгі төсегіне байланысты болған. Беті шымқай ақ киіз бетіне бір түсті матадан ою-өрнек жапсырылған, ою шеттері бір түсті сыңар жиек жіппен жиектеліп сырылған ақ сырмақ болса, керсінше беті шымқай қара киіз болып, оған бір түсті матадан ою-өрнек жапсырылған, ою шеттері бір түсті жиек жіппен жиектеліп, сырылған қара сырмақ. Кейде сырмақтың ортасына бір түсті жақтауына басқа бір түсті матадан ойылған оюлар жапсырылады да, ою шеттері жиектеліп, киіз сырылады. Мұндай сырмақ үстіне матадан ою жапсырылғанымен өңіне (фонға) қарай ақ сырмақ, қара сырмақ деп аталады. Сырмақ сырылады, жиектеледі, астарланады. Сырмақтың осы түрі әрі жеңіл, әрі әдемі болады.

Сырмақ қазақ халықтарының баға жетпес асыл қазынасы болып саналатын қазақ қолөнері ішіндегі киізден жасалған сарқылмас бұйымы. Біздің мақсатымыз осындай құнды экспонаттарымызды насихаттап, сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу.

Жазира СУЛТАНБАЕВА,
С.Қожанов атындағы музей
қызметкері.

Кәсіби аурулардың алдын алу

Кәсіби улану—өндірістік шарттарда зиянды химиялық факторлармен туындаған жедел немесе созылмалы интоксикация. Жедел кәсіби улану, бұл жұмыс істеушіге зиянды заттың бір реттік ықпал етуінен туындаған ауру. Жедел уланулар апаттар кезінде, технологиялық тәртіптің, техникалық қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария ережелерінің маңызды бұзушылықтары кезінде, зиянды зат мөлшерінің концентрациясы он немесе жүз мәрте үлесінен асқан кезінде орын алуы мүмкін. Осының салдарынан пайда болған улану тез сауығумен, өліммен, немесе денсаулық жағдайында тұрақты бұзушылықтарды туғызуы мүмкін.

Созылмалы улану деп, зиянды заттардың аз концентрациясы немесе дозаларының жүйелі түрде ұзақ уақыт бойымен ықпал етуінен туындаған ауру болып табылады. Ағзаға бір рет енген дозалардың салдарынан улану белгілерін туындатпайтын дозалар болып табылады. Кәсіби аурулардың ерекшелігі ретінде зиянды шарттар негізінде жұмыс істеуді бірнеше жылдар бойы тоқтатудан кейін туындаған немесе дамыған ауруларды санауға болады. Ауру кәсіби деп өндірістің зиянды немесе қауіпті факторларының болуында танылады және мамандыққа, аурудың клиникалық белгілеріне, жұмыс шарттарына, қолайсыз еңбек шарттарында жұмыс істеу ұзақтығына байланысты.

Кәсіби аурулардың алдын алу кәсіпорындарда техника-

лық және санитариялық-гигиеналық шараларды өткізуде негізделеді. Жұмыскерлерге қысқартылған жұмыс күнін, ұзақ демалыс орнатады. Оларға тегін-өмір-сауықтыру тамақтану ұсынылады. Ауруларды төмендетуде зиянды өндірістік факторлар шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлердің алдын алушы медициналық тексерілуі болып табылады. Медтекерістер жылына бір реттен кем өткізілуі тиіс. Медициналық тексерулерді тек қана лицензиясы бар емдеу-профилактикалық мекемелер жүргізе алады. Міндетті медициналық тексеріп-қарауларды (алдын ала және мерзімдік) зертханалық және функционалды зерттеулердің толық көлемін жүзеге асыру үшін білікті мамандармен және материалдық-техникалық ресурстары бар медициналық ұйымдар жүргізеді. Жұмыс берушілер үшін уақытылы кәсіптік ауруларды ерте анықтау және алдын алу өндірістік кәсіпте жұмысшылардың еңбегін қорғау және басқаруға бағытталған алдын алу шараларының бірі болып табылады және оны азайтуға көмектеседі. Кәсіби аурулардың алдын алу рационалды тамақтану яғни, адам ағзасын майлармен, ақуыздармен, көмірсутектермен, минералды тұздармен, дәрумендермен қамтамасыз ету және дене шынықтырумен айналысу болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс күнінің, демалыс күнінің, дене жаттығуларымен және спортпен айналысу шаршауды, ағзаның үзлі ауруларға кері тұруының жоғарылауына маңызды ықпал етеді.

Балалардың дұрыс тамақтануы

Балалардың мектепте оқу кезеңінде өсу процесінің қарқындылығы, бұлшық етінің және сүйек қаңқасының ұлғаюы, зат алмасуының күрделі құрылымы, эндокринді, жүрек-қан тамыр, бас миы қызметінің ерекшеліктері байқалады.

Осы жастың тағы бір ерекшелігі ақпараттың кең көлемде және мектеп бағдарламасының қиындай түсуіне байланысты оқушылардың ақыл ойына анағұрлым күш түседі.

Оқушылардың тиімді тамақтануы (салауатты) инфекцияларға қарсы тұру және басқа да қолайсыз факторларға тұрақтылығын арттырады.

Тиімді, салауатты тамақтану – бұл баланың ең басты көңіл күйінің көтеріңкі және мектепте табысты болуына тікелей әсер етеді. Кез келген тиімді тамақтану теңгерімін сақтамау функциональдық ауытқуға ғана емес және асқазан-ішек жолының созылмалы ауруларына сонымен қоса организмнің барлық жүйелерінің, иммунитеттің төмендеуі, организмнің әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Осы кезде оқушылардың қуат жұмсауы жоғары, қуатты жұмсау балалардың жасына және олардың белсенділігіне байланысты, сонымен қоса организмнің өсуі және дамуы жүруде.

Қуаттылық құнарлығын тиімді теңгеру үшін күндіз рационның калориясы таңғы асқа 25%, түскі асқа - 35%, бесіндік асқа - 15% және кешкі асқа - 25% құрауы керек. Бұл қуаттылықты тек ғана тамақтану арқылы толтыруға болады.

Тағам жоғары деңгейде пайдалы бо-

луы үшін міндетті түрде рационның кең көлемде өмір сүруге қажетті заттары бар тағам өнімдерін пайдалану қажет (ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды заттар, дәрумендер және су).

Ақуыздар—адамның мүшелерінің және тінінің құрылуында пайдаланылатын негізгі материал болып табылады. Үздіксіз өсіп жатқан оқушылар организмді ерекше ақуыздарды қажет етеді. Ақуыз жеткіліксіз жағдайда болған кезде баланың өсуі және дамуы баяулап, организмнің ауруларға қарсылығы төмендеп, ақыл-ой қабілеті нашарлайды.

Майлар бірінші кезекте жүйке және күштің қуаты үшін ішінде бас миының қуатты материалы ретінде пайдаланылып, А және Д дәрумендерінің көзі және еріткіштері болып табылады.

Тағамда майдың жетіспеуі оқушылардың иммунитетін төмендетіп, түрлі ауруларды (ЖРВИ, тұмау) жұқтыруына себепкер болады.

Көмірсулар бұлшық ет тіршілігі қуатының негізгі көзі болып табылады.

Сонымен қоса көмірсулар жүрек жұмысына қажет және бас миы жұмысына бірден бір қат көзі болып саналады. Оқушылардың тамағында көмірсудың мөлшері май және ақуызға қарағанда 4 есе жоғары болуы керек. Дегенмен есте сақтау керек, қарапайым көмірсулардың артық болуы (тәттілер, шоколад т.б.) денсаулыққа кері әсерін береді: зат алмасудың

бұзылуы (семіздік, қант диабеті), өсуде және жалпы дамуда қалу, жиі аурушаңдыққа бейім болу.

Сондықтан барлық көмірсулардың 80% күрделі көмірсуларды құрауы қажет: көкөніс, жемістер және нан.

Сонымен қоса организмнің қалыпты жұмыс істеуі үшін оқушылар күнделікті қажетті көлемде дәрумендер және минералды тұздарды қабылдауы қажет және дұрыс тамақтану тәртібі де үлкен маңызға ие.

Қазіргі күнгі ғылыми дерекке сүйенетін болсақ мектеп жасындағы балаларға 4 және 5 реттік тамақтану неғұрлым пайдалы болып саналады. Осындай жиіліктегі тамақтану тәртібі кезінде балалардың физикалық жағдайы, дамуы және жұмыс қабілеті жоғары деңгейде болады.

Мектеп оқушыларының тамақтану мәселесі ол – емдем ұстау, тамақтану тәртібін бұзу, фаст-фуд, чипс, сухариктер, шоколадталған нандарды жеу, газдалған сусындарды ішу және сағыз шайнау т.б.

Балаларға алдағы уақытта табысты өмір сүру үшін мықты денсаулықтың қаншалықты пайдасы барлығын түсіндіре келіп, өз мысалында (үлгісінде) дұрыс, тиімді қалай тамақтану керектігін көрсету керек.

Тек денсаулықты ғана ешқандай ақшаға сатып алу мүмкін емес!

Сондықтан балаларды өзінің денсаулығына немқұрайлы қарамай көздің қарашығындай сақтау керектігін оқыту керек!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Жемқорлықпен күрес-толастамақ емес

Баршамыз білетіндей жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғы шарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттігі сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсенде атсалысуына байланысты. Сондықтан жемқорлықпен күресте қоғам болып атсалысу керек, яғни әр азамат қоғамда болып жатқан әрбір іске, қоғамдағы жағымсыз әрекетке қарсы тұра білуі, сол жолда қолынан келгенше жұмыс жасау қажет. Бұл жемқорлық қоғам дерті. Жемқорлық- қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған. Жасалған сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң бұзушылықты, сіз экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықпен күрес Департаментіне сенім телефоны-114, сонымен қатар, әр мемлекеттік органдардағы сенім телефондары арқылы хабарласа аласыз. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді. Осы орайда, Созақ аудандық архиві мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Созақ аудандық архивінің «Сенім телефоны» көрнекі жерге ілініп, сенім телефон нөмірі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мақалалар аудандық басылымда жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Шолпан ЕСТАЕВА,
Созақ аудандық архивінің қызметкері.

Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасирет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» д, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Нұрбану СУЛТАНҒАЗИЕВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...



Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған жан **Садуахасов Дәурен Қошқарбайұлының** дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл азаматтың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Құран оқып, ас беріп жанащырлар. Қай пенденің Аллаға таласы бар. Ас ішінде болыңдар ағайын, жұрті, Құран тиер бір қазақтың баласына, - деп, асыл азамат Дәурен Қошқарбайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 10 наурыз күні (9 наурыз – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолаққорған ауылындағы өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: ата-анасы, бауырлары, жары, ұл-қыздары.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2023 жылдың 12 айында (01.01.2023 жылдан 31.12.2023 жылға дейін) өз салымшыларына 24,8 млн қызмет көрсетті. Оның ішінде 17,4 млн. қызмет электрондық форматта, 5,5 млн. – автоматты форматта ұсынылды. Күндізгі форматта 1,2 млн. операция жүргізіліп, оның 1 млн. астамы тікелей Қор кеңселерінде іске асырылды.

«БЖЗҚ» АҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Өткен жылы ең сұранысқа ие қызметтердің бірі жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы үзінді-көшірмелер беру болды. Барлығы 22,7 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның шамамен 17,3 млн (немесе 69,8%) - электрондық түрде, тағы 4,7 млн (19,0%) автоматты режимде салымшылар мен алушылардың мекенжайларына бұрын таңдаған "электрондық пошта" хабарлау тәсілі арқылы жіберілді.

БЖЗҚ сайтындағы және хялы қосымшасын-

дағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге өтінішті мәртебесін қадағалау, жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аудару, зейнетақы каль-

куляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтерді әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 режимінде пайдалану мүмкіндігі бар.

Өткен жылы БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты режимде 352 мыңнан астам жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ашылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Өрт қауіпсіздігін сақтаған жөн

Орман өртінің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Жалпы елімізде өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынып тұндығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-

ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де кеңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер беріледі.

Кенеттен болған өрт аңқұсты қыру, сексеуіл, қарабарқын сынды табиғат байлықтарын себепсіз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың

өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Еңдеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

Шыңғыс БАЙЖАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзет-қорықшысы.

Табиғатты аялау-әрбір адамның парызы

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығу қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі-түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өртке қарсы тұру көрнекі насихаттың да маңызы зор. Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

Т.ТӘЖІБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзетші-қорықшысы.

Орманды өрттен қорғайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірілген қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызға, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

М.ШЕШЕНҚАРАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман шебері.

Халық ұйытқысы- Алаш партиясы

Алаш партиясы—1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында құрылды. Ресей империясы мен Социалистік Ресейдің қазақ партиясы болған. Партияның белсенді қайраткерлері автономия құру мәселесін алға тартты. Түрлі қуғындау әрекеттерінің қырғынына душар болды. Партияның ең басында — Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбаев сынды тағы да басқа халық жанашырлары тұрды.

Қазіргі күннің егемен елдерінің қатарында жарқырап тұруымыздың өзінің мәні асқақ. Атаулы тақырып аясының кеңдігі соншалық, бұл дүниені уақытымыздың ғасырлап жырлауға дейін барары ғажап емес. Осы тұста тәуелсіздігіміздің алтын діңгегін қалаған, нағыз ұлт жанашырлары деп бертінгі заман білім майдангерлері “Алаш партия зиялыларын” жаңылмастан айта аламыз. Оның өзіндік сыры мен мәні қандай? Алаш партиясы жайлы естімеген қазақ кемде кем. Себебі, толассыз білім өрісі мен халыққа өз ізін салушы яки білім нұрын себушілер әлі күнге дейін айтылып, мерейлері үстем бола түсуде.

Сол заманды көз алдымызға алып келер болсақ, сауаттысынан гөрі соры қайнаған надандар табының аянышты өмір кезеңдері. Елдің елдігі жоғалып, хал-ахуалы мүлде төмендеп, жоқ болуға айналған. Өз жұртының жүдеу кейіпін, кейбір көзі ашық азаматтардың қабырғасын қайыстырып, кер надан халықтың көзін ашу жұмыстарын жүргізуді қолға ала бастады. Алаш азаматтары әуелі тілтану ғылымын ашып, тамырын тереңдетуді көздеді. Себебі, елдің нағыз көрнекі байлығы ол—ана тілі. Мұның көрінісін бірқатар зиялының еңбектерінен өрістейміз. Ұлт ұстазы — Ахмет Байтұрсынұлының “Оқу құралы”, “Тіл құралы”, Елдес Омарұлы мен Телжан Шонанұлының осы тіл маңайындағы мақалаларынан бағамдаймыз. Осы жолда қанша қиындықтарға тап болса да, алған беттерінен еш тайқымай, өздерінің мықтылықтарын әр кезде дәлелдей түскен. Ұлтымыздың мақтаншытары өздеріне сай болмысты толық атап өткенде 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімділерінің съезінде А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы сынды тегіс зиялы қауым, тіл саласында қаншалықты келелі жетістіктерге жетіп, тоқтасуы еңбек еткендіктері сөйлеген сөздерінен ақ байқалған. Алаш қозғалысы нәтижесінде, қазақ көркем әдебиеті едәуір қарыштауы көзге ілінді. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды қаламгерлердің қалыптасуына зор ықпал етті. Әлихан атамның өзінің еңбегі қандай десеңші. Жазба әдебиетімізге өздік мән қосып, мақалаларын жариялап, осы жазба дәстүрін барша зиялы қауым мәңгілікке алтын қазығын қағып кетті. Осы болмысы асқақ тұлғалардың өнерінен кейінгі буын да жаңа серпіліс жасап, өмірге рухани азық еткен. Мұхтар Әуезовтың өзінен әдебиетте орны ерек Б.Момышұлы, М.Мағауин, І.Есенберлин сынды азаматтар қанаттана тәлім алып, өзінен кейінгіге өнеге қалыптастыра білген. Осы кішкене жұмысымының өзінде Алаш зиялыларының маңызын аша білдім деп ойлаймын. Бірақ, айтылмағаны қаншама?! Ендеше осы Алаш зиялылары рухани байлықтарымен қоса мүлде өмір сүрмегендей жоқ қылып жіберсе біздің күніміз қандай болар еді? Хақында солай болса, салдары мынандай болар:

Біріншіден, жұртымыздың дені өз тарихын білмеген, кер нардандар билеген бастысы егемендігі жоқ әншейін түкке тұрғысыз ұлт өкілдері ғана болар едік. Екіншіден, ата-бабамыздың мұра еткен асыл жерін қорғай алмаған қайырымсыз ұрпақ болған болар едік. Үшіншіден, өз жерімізден тентіреп, әр елде құрметке лайықсыз босқын болып кетуіміз де мүмкін еді. Барынша осындай сұмдықтың бетін қайтарған өкілдеріміздің әрекеттері үлкен мақтауға лайық.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарар болсам, Алашорда зиялылары ұлтымыздың жүрегі. Сондай-ақ, ұлттық мүддеміздің қайнар көзі мен сарқылмас бұлағы. Нағыз патриотизмнің биік шыңын көрсетіп, біздерге мұра қалдырды. Еңбегі елеулі азаматтардың еңбегін бүгін де, ертең де дәріптеп, еш жадымыздан ұмыт қалдырмай, беделдерін асқақтата түсейік!

**Қарақат СЕЙТЕН,
Жуантөбе ауылы.**



Баланың бас ұстазы-ата-анасы

Халқымыздың сан ғасырдан бергі «Адамның бақыты-балада» деген даналығын ескерсек те, кез-келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екіншісі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Шын мәнінде, адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бекер айтылмаса керек. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз ата-ана. Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Бүкіл адами қасиеттер яғни адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік секілді ізгі амалдар—үлкендердің үлгісімен сіңеді.

Жүсіп Баласағұн былай деген екен:

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан,

Өле өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер-білім берем десең ба- сынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

Мұндағы негізгі ойы ата-аналар балалардың жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар, тәрбие берудің маңызы ерекше екенін білеміз.

Осы орайда халықтық педагогика мен ұлттық құндылықтарымызды ұштастыра отырып шәкірттерді тәрбиелеу — ұстаздардың міндеті деп білемін. Қазіргі таңда оқушылардың көркем әдебиетке қызығуы көңіл көншітпейді. Баланың сауатты жазып, өз ойын тиянақты жеткізіп, оқыған мәтіндерін дәлелмен талдай білуі үшін, кез-келген жағдаяттан тиімді жол таба білуіне, математикалық сауаттылығы қалыптасу үшін де ең әуелі тыңдалым және оқылым дағдысын қалыптастыру керек. Тыңдалым дағдысы бала бесікте жатқанында ақ ана әлдиімен қалыптасады. Баланың әрбір әрекетіне мән беріп, онымен сөйлесе білу керек,

яғни диалог жүру керек. Өкінішке орай жұмыс бастылық сылтау болып, ананың әлди жыры телефонға ауысты. Танымдық сұрақтардың жауабын мағынасыз хабарлардан ізденеді. Нәтижесінде, сөздік қоры жоқ, өз ойын жеткізе алмайтын балалар өсіп келеді. Еліміздің ертеңі, жарқын болашағы, ұрпағымыздың жалғасы деп үміттенеміз. Баланың болашағы жарқын болуы үшін саналы тәрбие мен сапалы білім керек. Өзім бастауыш сыныптың мұғалімі болғандықтан, алдыма келетін оқушыларды саралай келе мынадай тұжырым жасадым. Әр баланың қабылдау ерекшелігі әр түрлі, біреуі ерте, біреуі кеш. Баланың әлеуметтік жағдайына талдау жасай келе, отбасындағы жағдайлар оқуына теріс әсерін беретінін байқаймыз. Ата-анасы балаға барлық жағынан үлгі бола білу керек! Кейде үйде болатын отбасылық жанжалдар баланың қиялында ұзақ уақыт сақталып, миының қалыпты деңгейде жетілуіне кері әсерін тигізеді. Әрбір ата-ана бала тәрбиесінің әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс екенін естен шығармағаны жөн!

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес Ләнде Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектепте бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған тренинг сабағы өтілді. Мектептегі бастауыш пән бірлестігінің апталығы аясында жоспарланған жиын «Баланың тапқырлығы мен ой-өрісін қалай дамытуға болады?» тақырыбында болды. Тренинг-сабаққа бастауыш сынып ата-аналары қатысты. Мақсаты жас ата-аналарға бала тәрбиесінде қолдау көрсету, танымдық деңгейін дамыту үшін үйде ойналатын интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды көрсету. Ойын—баланың ой-өрісінің дамуы үшін маңызды фактор екенін түсіндіру.

Ата-аналарға жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру үшін ырымдастыру барысында танымдық сұрақтар қойылып, тәттілер үлестірілді.

Мектеп оқушыларының шағын концертін сахнадан тамашалады. Экраннан баланың видео-монологы тыңдалып, ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті. Баланың жан-жақты дамуы үшін, нәтижелі жұмысқа қол жеткізу үшін отбасы мен мектеп тығыз байланыста болу керек. Мектеп психологы А.Болысбек ойлау арқылы таным деңгейінің жоғарылау процесі сөйлеумен ұштасатынын практикалық түрде дәлелдеді. Ардагер ұстаздар бүгінгі таңда зейнеттегі аялы әжелер Көпбосынова Айман және Өрікбаева Зәуреш апайлар жиналған ата-аналарға баланы мектепке дайындау кезеңі жайында өз ақылдарын айтты. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылып, іс-әрекет барысында одан шығу жолдары талқыланды. Түптеп келгенде, бастауыш сынып оқушысының ойын баласы екенін де ескере отырып ойната отырып ойнауға бағытталған жұмыстар жүргізу ұсынылды. Дефектолог, логопед мамандар да өз жұмыстарының нәтиже кестесімен таныстырды.

Қорыта келе, жоғарыда айттып өткендей оқу дағдысын қалыптастыру және сөздік қорын толықтыру үшін, сол арқылы баланың ой-өрісін дамыту үшін міндетті түрде ертегілер мен балалар әдебиеттерін оқып беру, түсіне отырып оқыту, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақ жасыру өте маңызды. Тұнып тұрған халықтық педагогиканы ұмытпай, ұлттық құндылықтарды әрбір сәтте дәріптеп отыруымыз керек. Ол үшін ата-ана өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбеккер, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бүгінде өзгерлермен тереміз сәтте дәріптеп, өркениетті елдер қатарынан көрініп келе жатқан біз үшін ұлттық дәстүрімізді терең меңгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу өте қажет деп білемін.

**Динара
НУРМАХАНБЕТОВА,
Л.Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

**Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанай МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Күрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.